

**«Абай атындағы орта мектебі» КММ –нің
«Телестудия үйірмесінің» 2023-2024 оқу жылында
атқарылған жылдық жұмыстарының есебі.**

Телестудия үйірмесінің мақсаты: жазуға икемі бар, болашақта кәсібін журналистикамен байланысырғысы келетін жастарға бұқаралық ақпарат құралдарындағы жұмыс міндет мақсаттар туралы үйрету және практикада көрсету. Күтілетін нәтиже – үйірмеге келетін оқушылардың шапшаң ақпарат жинап, оны сапалы, сауатты түрде ақпарат айдынына алып шығуға үйрету. Болашақ тілшілер өздерін түсірілім алаңында, камера алдында емін – еркін ұстауды меңгеруі.

Үйірме кестесі:

Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
10:00 - 12:30	10:00 – 11:00	10:00 - 12:30	10:00 – 11:00	10:00 - 12:30
15:00 – 16:00	15:00 – 16:00	15:00 – 16:00	15:00 – 16:00	15:00 – 16:00

Р/с	Оқушылардың аты - жөні	Сыныбы
1	Орынбек Ералы (Оператор)	11 «Б»
2	Абаева Еркежан (Тілші)	10 «А»
3	Қалимолда Жұлдыз (Тілші, редактор)	9 «А»
4	Серікова Аяулым (Бас редактор)	11 «А»
5	Қажымұханова Балғын (Тілші, бағдарлама жүргізушісі)	10 «А»
6	Азаматқызы Айгерім (Редактор көмекшісі)	11 «А»
7	Байнолла Мағжан (Бейнематериал өңдеуші)	10 «А»
8	Жұмағазы Әліби (Тілші)	10 «А»
9	Дәулетов Елдар (Оператор көмекшісі)	8 «А»
10	Көбегенова Еркеназ (Тілші, редактор көмекшісі)	7 «А»
11	Бегзат Айжарық	9 «Б»

Бағдарламалар жиынтығы: Абай NEWS, Мектеппен сұхбат, Абай LIVE(Мектеп ішіндегі байқаулар немесе жарыстар барысын бақылайтын бағдарлама), Тұлғалармен подкаст, Ұстаздармен сұхбат, Мектеп үйірмелері бағдарламасы.

"Абай атындағы орта мектебі" КММ

"MTV" (Мектеп TV).

Жобаға қатысушылар - жоғары сынып оқушылары. Жасөспірімдер болашақ мамандықтарын таңдау жолында өздерін түрлі салада сынап көру үшін бұл телестудия таптырмас мүмкіндік.

Жобаның басты мақсаты - оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуіне ықпал ету, әлеуметтік желілерде «Абай атындағы орта мектебінің» және болашақта Тарбағатай ауданының жаңалықтарымен бөлісу.

Заманауи технологиямен жабдықталған кабинетте жас журналист қалыптастыру үшін барлық жағдай жасалған. Оқушылар арасында кастинг ұйымдастырылып, оған 25 бала қатысқан. Оның ішінде 11 оқушы студияда жұмысын бастап кетті. Барлығы белсенді, осы салада қызығушылықтары жоғары оқушылар. Өздері тележүргізуші, өздері оператор. Қазір "Абай News" мектеп жаңалықтары, "Абай live" сұхбат алу, тағы да басқа бағдарламалары әзірленуде.

<https://www.facebook.com/share/p/NoM71G5dtG7wGJ5D/?mibextid=oFDknk>

Мектеппен сұхбат "Абай атындағы орта мектебі" КММ

"Бәсекелес педагог-2023" байқауының аудандық кезеңі өтті. Мақсаты: педагогтердің ғылыми-әдістемелік, кәсіби және ақпараттық құзіреттілік деңгейлерін арттыру, шығармашыл және талантты мұғалімді анықтау. «Зерде» пән бірлестігінің ұйымдастыруымен байқаудың салтанатты ашылуы болды. Аудан мектептерінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері әр кезеңіндегі тапсырмаларды белсенді орындап, өздерінің шеберліктерін, бәсекеге қабілетті ұстаз екендерін көрсетті. Байқау соңында мектеп директоры Назым

Ниязбекқызы аудан мектептерінен келген мұғалімдерге мектептің жаңа кабинеттерін көрсетті. Келген қонақтар телестудияда оқушыларға сұхбат беріп, ризашылықтарын, тілектерін айтты.

Мектеппен сұхбат бағдарламасында, Жанар Жетпісқызы сұхбат беріп балалармен әңгімелесіп, мектепке деген тілегін білдірген болатын.

<https://www.facebook.com/share/p/wFv38eLjdN3vf25j/?mibextid=oFDknk>

Ұстаздармен сұхбат "Абай атындағы орта мектебі" КММ

3 г сынып оқушылары сынып жетекшісі Шакенова Жансулу Сағатқызымен мектептебімізде жаңадан жабдықталған кабинеттердегі заманауи жаңа құрылғыларды аралап, тамашалап шықты. Информатика, робототехника, қазақ тілі, биология, физика, ағылшын тілі кабинеттерін көріп жаңа технологияларды қолмен ұстап қалай аталады, қалай қолдану керек екендігін көріп зор ықыласпен тыңдап, үлкен қызығушылық танытты. Сонымен қатар арт студиясы, телестудия, кітапхана, психолог кабинеттерін тамашалап, тыңдалым әрекеті қалай жүзеге асатынын көріп, оқушылар қуанып, болашақта білімді, үздік, үлгілі оқушы боламыз деген үлкен үміт оты көздерінен байқалып, жалындап тұрды.

<https://www.facebook.com/share/p/zYDYjmcgUPncw5gV/?mibextid=oFDknk>

Подкаст "Абай атындағы орта мектебі" КММ

2023 жылы 23 қараша күні 8 сыныптармен қазақ тілі пәнінен "Болашақ мамандықтар" тақырыбында өткізілген сабақта оқушылар телестудия кабинетінде тілші, теле жүргізуші, суретке түсіруші, киноға түсіруші, әр түрлі мамандық иелерінен ролдерге бөлініп сұрақ-жауап арқылы қызықты сабақ өткізді. Сабақ барысында мектепке келген қонақтардан да мамандықтарына байланысты сұхбаттар алып, ризашылықтарын білдірді.

<https://www.facebook.com/share/p/ME4j9QUy2QN1hUP3/?mibextid=oFDknk>

"Абай атындағы орта мектебі" КММ

Телестудия мүшелері «Ұлы Тәуелсіздік» күніне арнаған видеороликтер жиынтығын жариялаған болатын

Ұстаздармен сұхбат "Абай атындағы орта мектебі" КММ

Абай атындағы орта мектебінде өткен «Абай толық адам философиялық ілімі» атты аудандық семинарында 10 сынып оқушысы Қажымұханова Балғын Ұстаздармен сұхбат бағдарламасында Тарбағатай аудандық білім беру бөлімінің әдіскері Шектібаева Гүлнұр Советханқызынан сұхбат алып, әңгімелескен болатын.

<https://youtu.be/WwW2gtWxBB4?si=kUhNDU7QCPu604Bs>

Абай LIVE "Абай атындағы орта мектебі" КММ

2024 жылдың 16 қаңдар күні Аудандық білім беру бөлімінің ұйымдастыруымен өткен аудандық Әбіш оқуларында "Ә.Кекілбаевтың шығармаларынан сахналық қойылым" номинациясы бойына Абай атындағы орта мектебінің оқушылары Ә.Кекілбаевтың "Аш бөрі" әңгімесінен сахналық қойылым қойып, I орын иеленіп, облысқа жолдама алды.

Телестудия мүшелері өздерін актёрлық жағынан сынап көрген болатын.

<https://www.facebook.com/share/v/aZKsUWHYwcPdP5dc/?mibextid=oFDknk>

https://youtu.be/SD5yA7EkY_I?feature=shared

Абай LIVE "Абай атындағы орта мектебі" КММ

Мектебіміздің оқушылары Көбегенова Шұғыла, Сама Нұрай туған өлкенің жер, су аттарын зерттеу жұмысы бойынша Қамысты ауылының тумасы, "Еңбек ардагері", ақсақалдар алқасының төрағасы Қанарбаев Манапқазы ағамен сұхбаттасып, зерттеу жұмысы бойынша мәліметтер алды. Жетекшілері: Айнагул Айтқалиқызы, Бақытбек Алпысбайұлы.

«Туған өлкенің туристік әлеуеті» Тақырыбындағы зерттеу жұмысы барысында алынған сұхбат. Зерттеу жұмысы аудандық кезеңнен I орын иеленген болатын.

<https://www.facebook.com/share/p/qa3ue238jGy8PXxf/?mibextid=oFDknk>

Абай LIVE "Абай атындағы орта мектебі" КММ

Мектебімізде болған Робототехникадан өткен мектепшілік кезеңін зерттеуге, 10 сынып оқушысы тілші Қажымұханова Балғын мен оператор Орынбек Ералы зер салып қайтқан болатын.



Абай LIVE "Абай атындағы орта мектебі" КММ

SKILLS FOR GEEKS атты аудандық IT чемпионатының аудандық кезеңін зерттеуге және келген қонақтармен сұхбаттасып әңгімелесуге 9 сынып оқушысы Бегзат Айжарық және оператор көмекшісі Дәулетов Елдар барған болатын.

Аудандық білім бөлімінің математика информатика пәні әдіскері Ерканат Әлиханұлынан сұхбат алынған болатын.



"Абай атындағы орта мектебі" КММ

8 – наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай тілші Абаева Еркежан, Қалимолда Жұлдыз және оператор Орынбек Ералы мерекелік құттықтау бейне жинағын жариялаған болатын

Мектеппен сұхбат "Абай атындағы орта мектебі" КММ

Өз-наурыз мерекесіне орай 9 сынып оқушысы Қалимолда Жұлдыз және оператор көмекшісі Дәулетов Елдар сұхбат алған болатын.



Мектеппен сұхбат "Абай атындағы орта мектебі" КММ

2024 жыл 17 сәуір

Мектебізде дәстүрлі жыл сайынғы

"Білімді ұрпақ - ел болашағы" атты үздіктер шеруі - 2024 өтті. Мектеп директоры Назым Ниязбекқызы барлық үздік оқушыларды құттықтап, мектеп мақтаныштары екенін атап өтті. Сонымен қатар, білім сапасы жоғары сынып жетекшілерге жүлделі орындар берілді.

Тілші 7 «А» сыныбының оқушысы Көбегенова Еркеназ Абай мектебінің мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Айнагүл Айқалиқызынан сұхбат алған болатын

<https://www.facebook.com/share/p/pUxxk6cForze1wcP/?mibextid=oFDknk>

"Абай атындағы орта мектебі" КММ

Күшіміз бірлікте атты қайырымдылық жәрмеңкесі өткен болатын телестудия тілшісі 10 сынып оқушысы Абаева Еркежан мен оператор Дәулетов Елдар жәрмеңке барысына қатысқан болатын.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0TRojseyznZU3BypvxiMC1qbrE5Tg9bWwMRsZNgYPTHUor7sL7YcRDA17n7UVKnoWkl&id=100044520373691&mibextid=Nif5oz



"Абай атындағы орта мектебі" КММ

"Абай атындағы орта мектебі" КММ

26 сәуір 2024 жыл

Ұлы Отан соғысының ардагері, партизан, мектебіміздің түлегі Шапатов Манаптың туғанына 105 жыл толуына орай аудан мектеп оқушылары арасында әскери көпсайыс ойындарынан жарыс өткізілді. Жарыстың ашылу салтанатына ардагер ұстаз Шапатов Талғат аға қатысып, осы шараны ұйымдастырған Аудандық білім бөліміне, мектеп ұжымына, оқушыларға ізгі тілегін білдіріп, Алғыс айтты.

Телестудия мүшелері әскери сайысты толығымен зерттеп, қатысушылардан сауалнама алған болатын.

<https://www.facebook.com/share/p/Hz4cgmS9tcCDLrHX/?mibextid=oFDknk>

"Абай атындағы орта мектебі" КММ

«Абай атындағы орта мектебі» КММ

2024жыл 25 мамыр "МЕКТЕБІМ, САҒАН МЫҢ АЛҒЫС!" тақырыбында 2023-2024 оқу жылының соңғы қоңырауы өткізілді. Соңғы қоңырау салтанатты жиынынға ата-аналар, ұстаздар және түлектер қатысты.

Тілші Қалимолда Жұлдыз 11 сынып оқушылары мен ата-аналарынан сұхбат алған болатын.

<https://www.facebook.com/share/p/zC46ART7MoqTLCJZ/?mibextid=oFDknk>

АБАУ NEWS Қорытынды жинақтау

Мектебімізде 2023-2024 оқу жылындағы жетістіктер мен қызық оқиғаларды бөлісіп, YOU TUBE каналымызға жүктеген болатын

Тілші: Абаева Еркежан

Оператор : Дәулетов Елдар

https://youtube.com/@user-tb6wg2ij8v?si=qOKvV79T-mFpsd_k